

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Судьялар және әділет қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 11 тамыздағы N 1246

Әділ сотты жүзеге асыру сапасын көтеру, жүргізіліп отырған нарықтық жаңартуларды ескере отырып судьялар мен әділет қызметкерлерін оқыту мен олардың біліктілігін арттырудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақ мемлекеттік заң университетінің жанындағы біліктілікті арттыру факультетінің негізінде жедел басқару құқығындағы "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Судьялар мен әділет қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Судьялар мен әділет қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Судьялар мен әділет қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын нормативтерге сәйкес техникамен, көлікпен қызметтік үй-жайлармен, жатақханамен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтын ұйымдастыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 26 мамырдағы N 564 қаулысының P940564_ 2-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 23, 245-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі